

**"ӘДІЛЕТТІҢ"
ҒЫЛЫМИ
ЕҢБЕКТЕРІ**



**НАУЧНЫЕ
ТРУДЫ
"ӘДІЛЕТ"**

Журнал издается с 1996 года

Выходит 4 раза в год

1(27)

2009

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ПРАВА И ГОСУДАРСТВА

- У. Шапак.** Қалмақ құқығындағы тибет құқығының төркіні..... 3
Б.И. Борубашов. Обычное семейное право кыргызов..... 11
М.К. Заурбеков. Некоторые проблемы реализации принципа законности в деятельности органов внутренних дел при защите прав человека..... 19
А.В. Тен. Проблемы классификации юрисдикции государства..... 27
Н.Ш. Кольсариева. Выбор системы правления в постсоветских государствах: общее и особенное..... 38
Г.Т. Суранчиева. Проблемы формирования правосознания несовершеннолетних в Кыргызской Республике..... 46
А.Я. Мусаева. Қазақ хандығы тұсындағы құқықтық ескерткіш «Жеті жарғы»..... 51

КОНСТИТУЦИОННОЕ ПРАВО

- С.В. Шутько.** Роль Конституционного совета в обеспечении законности в Республике Казахстан..... 54
Э.Э. Дуйсенов. К вопросу о правовом статусе Общественной палаты Кыргызской Республики..... 58

ГРАЖДАНСКОЕ И ГРАЖДАНСКО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ПРАВО

- А.А. Амангельды.** Договор переуступки права на подачу заявки на изобретение, договор переуступки права на получение охранного документа на изобретение, договор уступки охранного документа на изобретение..... 64
Б.А. Жумадиллов. Шаруа (фермер) қожалығының мүлкі мен жер учаскесін мұраға қалдырудың құқықтық мәселелері..... 81
Ю.В. Галинская. Обеспечительная утрата денежного требования по договору факторинга..... 85
А.М. Рахымбекова. Қазақстан Республикасында банк жүйесінде қадағалау және бақылау қызметінің құқықтық ерекшеліктері..... 92

УГОЛОВНОЕ И УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОЕ ПРАВО

- А.Е. Мизанбаев.** Теоретико-правовой анализ причин деформации уголовно-правового регулирования..... 97
Г.Б. Саматова. Основные черты Общей части Уголовного кодекса Франции: сущность наказания..... 104
А.Р. Калимбекова. Мемлекеттік органдар және лауазымды тұлғалардың жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін заңды жауапкершілігінің теориялық мәселелері..... 113
С.Т. Шайкенова. Напутственное слово председательствующего в суде присяжных

в Республике Казахстан и в России:
границы между объективностью и личной
оценкой судьи..... 119

МИГРАЦИОННАЯ ПОЛИТИКА

А.Р. Аужанова. Иммиграционная политика
государств Европейского Союза и
проблема обеспечения потребности
рынка в рабочей силе..... 124

ТРУДОВОЕ ПРАВО

Ж.С. Айнабеков. Некоторые вопросы
прохождения и прекращения
государственной службы..... 131

А.Б. Бекенова. Еңбек және жұмыстылық
аясында әйелдерді дискриминациялауға
тыйым салу..... 136

СОЦИОЛОГИЯ, ЭКОНОМИКА

Р.Б. Жалимбетова, А.В. Степанов.
О развитии информационных
ресурсов, влияющих на сферу
консолидации народов Казахстана и
конкурентоспособность страны..... 143

З.Б. Карабаева, И.А. Тян. Роль функции
государственного финансового контроля
на современном этапе..... 149

МАТЕМАТИКА

А.К. Дуйсек. Интерполяция сплайн-
функциями седьмой степени
дефекта 4..... 155

Б.Т. Жамыханов. О средствах развития
креативных способностей школьников в
учебном процессе..... 158

МЕХАНИКА

Е.С. Темирбеков, Б.О. Бостанов.
Асимметриялық дірілқоздырғыш
қозғалысы..... 161

Е.С. Темирбеков, Б.О. Бостанов.
Асимметричный вибровозбудитель с
эллиптическим вальцом..... 165

ГЕОЛОГИЯ, НЕФТЬ, ГАЗ

Б.Т. Ратов. Освоение продуктивных
пластов под действием давления
жидкости..... 169

К.М. Байхонов, А.Г. Танирбергенов.
Влияние вязкости среды на
формирование солянокупольных
структур..... 174

РЕЦЕНЗИЯ

А.А. Караев. Отзыв на монографию:
Нечаева Ж.В. «Эффективность исполнения
решений Конституционного Суда
Российской Федерации»..... 179

ТҮЙІН – РЕЗЮМЕ – SUMMARY..... 184

Журнал зарегистрирован
Национальным агентством
по делам печати
и массовой информации
Республики Казахстан

Регистрационное свидетельство №285
от 13 ноября 1996 г.

Главный редактор:

С.В. Алимов

Редакционный совет:

А.Г. Диденко	К.Н. Шакиров
С.А. Заурбеков	С.Г. Шеретов
К.М. Ильесова	Н. Сеитов
С.З. Кабдулов	Г.Н. Сансызбаева
А.А. Матюхин	М.К. Сулейменов
С.П. Мороз	Чан Чунг Нгия
А.С. Ибраева	Р.А. Подопригора
Е.С. Темирбеков	

Учредитель:

Учреждение образования
“Каспийский
общественный университет”

Адрес:

050000, г. Алматы
пр. Сейфуллина, 521
тел.: (727) 250 69 35
250 11 43
факс: (727) 250 69 30
e-mail: caspian@kou.kz

Опубликованные материалы не всегда
отражают точку зрения редакции.
Ответственность за достоверность фактов и
сведений в публикациях несут авторы.

Ответственный редактор

Б.Ш. Амзеева

Компьютерная верстка и дизайн обложки:

Г.Н. Нурмаханова

Подписано в печать
20.03.2009 г.
Формат 70x100/16.
Усл. п.л. 10,58
Уч.-изд.л. 12,38
Тираж 300 экз.
Заказ № ____.

Типография “L Pride”

Толе би/Наурызбай батыра, 73/71



ҚАЛМАҚ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ ТИБЕТ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ТӨРКІНІ

ШАПАК У.

*Қазақ гуманитарлық заң университеті
Мемлекет және құқық теориясы
мен тарихы кафедрасының доценті,
заң ғылымдарының кандидаты*

XIII ғасырда қалыптасқан Шыңғыс ханның әлемге әйгілі империясы барлық Азия елдеріне және бірқатар Европа елдерінің саяси құқықтық өміріне үлкен әсерін тигізді. Орта Азияның сайын сахарасын ен жайлаған түрік-монғол тектес көшпелілердің ішінде Монғолия жеріне қатысы болмаған оқиғалар сирек кездеседі. Пайда болуы мен қалыптасуы, дамуы мен құлдырауы бірнеше мың жылдардың сонарын қамтитын монғол және монғол тектес көшпелілерінің тарихы, саяси-әлеуметтік өмірі көшпелі адамзат өркениетінің тарихында қомақты үлеске ие, оның үстіне қашаннан қоян қолтық, аралас-құралас болған қазақ көшпенділеріне өте етене.

Ұлы Далада көшпенділер мәдениетінің тұғырын қалауда елеулі үлес қосқан ойраттар ұрпағы Еділ мен Жайық өңірінде көшіп-қонып жүрген, көршілес қазақтармен тұрақты қарым-қатынаста болған қалмақтардың орта ғасырдағы монғол дәстүрі контексіндегі әдет-ғұрып құқық жүйесін, оған деген тибет құқығының ықпалы бар екенін бірден аңғармау мүмкін емес. Қазақ көшпелілері мен монғол тектес көшпелілер өмірінің құқықтық табиғатындағы үлкен бір ерекшелігі мынада сияқты, монғол

құқығы әрқашан жазба заңдарда, жаз-баша құқық ескерткіштерде көрініс табатын. Сонысымен XIX және XX ғасырда ғалымдарды қызықтыра бастады. Егер себебін іздесек, монғол тектес көшпелілердің будда дініне кірген сәтіне келіп тірелетін сияқтымыз.

Монғолдарда буддизм таралуының екі кезеңі бар: 1) XIII – XIV ғ.ғ. – Сакья мектебінің уағыздау қызметінің белсенділігімен сипатталады; 2) XV – XVII ғ.ғ. Гелуг мектебі уағыздаушылары қызметінің белсене өсуі.

Шыңғыс хан дәуірінде монғолдар мен қытай буддистері және тибет буддистері белгілі саяси қатынасқа түскендігі туралы тарихи деректер кездеседі. Мысалы, Шыңғыс хан сарайында қытай діндары Чжун-гуань мен Хайюнь үлкен қызмет тағында отырған және Сакья мектебі ірі өкілдерімен жеке байланысқа түскен [1, 676].

XIII ғасырдың 40 жылдарынан бастап, монғол дала аристократтары мен Тибеттің діни аристократтары белсенді саяси қатынасқа түсе бастайды. Тибеттен көптеген діни уағыздаушылар Монғол жеріне барып, ұлыс басқарушы дала аристократтарын дінге сендірумен айналысқан. Үгедей хан (1229 – 1241 ж.ж.)



билеген кезде, империя үкіметін буддист Елюй Чу-Цай басқарған [2, 186].

Құбылайхан (1260-1294 ж.ж.) басқарған кезде, будда дінін Юань әулетінің ресми діні ретінде таныған «Меруерт жарлығы» қабылданған. Сакья өкілі Пагба-лама Лодой Жалцан (1235-1280 ж.ж.) Монғол және Қытай будда қауымының басшысы, Тибет үш провинциясының (Уй, Цан, Кам) бас діндары ретінде тағайындалған. Юань ханы Құбылай чакравартин атағына ие болып, ол император шенеуніктерімен бірге билікті жүзеге асырды [3, 86].

Пагба-лама дін уағыздаушы қызметін атқара жүріп, кейін келе монғол саяси дәстүрінің негізін қалаған «қос заң» жүйесі шеңберінде, будда қауымы мен мемлекет арасындағы қатынасты заңнамалық бекіту мүмкіндігіне ие болған. Пагба-лама жазған трактаттың бірі «Он игі іс туралы ақ тарих»-та монғол дәстүрдегі будда идеологиясы мен зайырлы билікті заңдастыру (легитимациялау) қағидалары көрініс тапқан [4, 776]. Пагба-ламның басқа да шығармаларында будда қағидаларына негізделе отырып, зайырлы билікті ұйымдастыру туралы ұсыныстар берілген [5, 1096]. «Он игі іс туралы ақ тарих» кітабында биліктің қайта өңделген «қос заңы» концепциясының мәні ашылған. Бұл кітапты дін мен мемлекеттік билікті бірге, билік одағы ретінде қарастырады, дәстүрлі ұстану ережелерінің жинағы ретінде қабылдап, қолданысқа енгізген. Заңда, тибет хандарының мемлекеттік (зайырлы) және діни билікті ұйымдастыру және оларды біркелкі, тепе-тең ұстау әдісі мен амалдары жинақталып, өсиет ретінде көрініс тапқан. Бұл Юань мемлекетін басқарудың бірден-бір қағидалар жиынтығы. Ақ тарихта: «діни билік болмаса жан-жануарлар азапқа түседі, хан билігі болмаса ұлыс аймақ бұзылады» деген. «Діни билік дегеніміз дұғалар, сутра (діни кітап) сияқты бурханның (құдайдың) жарлығы, ғаламдық тыныштық, зор бақыт дегеніміз хан билігі» [6, 366]. Демек, бурхан билігі хандық нысанда жүзеге асырылса, мындаған бақытсыздықтан құтқарылып, тыныштық

пен бейбітшілікте, бақытты ғұмыр кешеді деп түйіндеуге болады. «Қос заң» концепциясының мазмұны – адамдардың діни сенім, нанымын пайдалана отырып, хандық билікті күшейту болып табылады деп көрсету арқылы, XIII ғасырда монғол аристократтары мен Сакья діндарлары ондағы зайырлы билік пен діни биліктің өзара ұштасуына мүмкіндік туғызып, жаңа қос билік туралы саяси тұжырым жасады.

XIV ғасырда тибет буддизмінде, реформатор Цзонххапа Лобзан Драгпа (1357-419 ж.ж.) негізін қалаған, философ Атиштің діни ағарту іліміне негізделген, Гелуг деп аталатын буддизмнің жаңа бағыты, мектебі қалыптасады. Бұл мектеп буддизмді тарату мақсатында, рухани мықты жабдықталған ағарту және әлеуметтік-саяси ілім орталықтарын ашты. Діни қызметкерлерді үш топқа бөлді: хуварак (шәкірт), гецул (оқушы немесе тыңдаушы) және гелен (діндар). Монғол діни қоғамында діни қызметкерлердің, жоғарыда көрсетілген иерархиясы сақталынып қалған. Гелуг мектебінің монғол аристократтары арасында уағыздаушы қызметін белсенді және нәтижелі жүргізгені монғол хандарының (Алтын хан, Гуши-хан және т.б.) будда дініне мойын ұсынғанынан байқалады. Ірі ойрат ноендары дінге мойын ұсынғаннан кейін өз балалары мен асырап алған балаларын Тибетке діни оқуға жіберіп, ойрат қауымына үлгі көрсете бастаған. Солардың бірі Гелуг мектебінің өкілдері – Нейджи-тойн (1557-1663 ж.ж.) және Зая-Пандит ойрат тайштері арасында діни уағыздау және ойрат сангха (Будда діндар қауымы – буддология термині У.Ш.) қалыптасуына үлкен еңбек сіңірді. Бұл екеуінің діни, саяси белсенді қызмет атқаруы Хошауыт, Жоңғар, Қалмақ хандықтары құрылған кезімен сәйкес келді.

Ойрат ағартушысы Зая-Пандиттің негізгі миссионерлік мақсаты – Гелуг басқармасы мен қалмақ ноендарының саяси байланысын тұрақтандыру және ойраттарды бір орталыққа біріктіру, яғни ойрат теократиялық мемлекетін құру еді.



1638-1662 ж.ж. Зая-Пандит миссионерлік қызметімен белсене ай-налысты. Осы жылдары Зая-Пандит көшпелі будда шіркеу кешені, осы өңірдегі Гелуг саяси орталығы Ике-Курэні басқарды. Шіркеуде мыңдаған діни қызметкерлер және шаруа халықтар болған [7, 446]. Сонымен қоса, осы кешен арқылы Тибет Гелугі иерархиясына қаржылай көмек көрсетіп тұрды. Будда діни заңдары діни мекемелер арқылы монғол даласына тарала бастаған.

Дала көшпелілерінің дәстүрлі қоғамын реттеуші әдет-ғұрып құқық нормалары біртұтас өзара байланысты, өзара окшауланған, өзара үйлескен жүйені құрайды. Қалмақ (монғол) әдет-ғұрып құқығы құқық жүйесі сияқты жүйелік қасиетке ие және өзіндік нысаны сақталған. Сонымен қатар ішкі құрылымдық бірлігі бар. Жоғарыда айтып кеткендей, жазбаша түрде бекітілген, жинақталған нормалар жиынтығын құрайды. Мысалға, 1640 ж. «Монғол-Ойрат» заңының мазмұны ғылыми қауымды қызықтыруда. 1996 ж. Монғолияның Улан-Батор қаласында басылып шыққан «Монғол заңдар» кітабында құрметті профессор, Авирмэд Монғол – Ойрат заңын 12 тарауға бөліп қарастырады [6]: 1. Жалпы бөлім; 2. Монғол мемлекетінің тәуелсіздігін сақтауға, қорғауға арналған; 3. Меншікке қарсы қылмыстар туралы; 4. Діни сенім-наным және ламаларға арналған; 5. Лауазымды адамдар туралы; 6. Елші және елшілік қарым-қатынас туралы; 7. Адамның денсаулығына зиян келтіретін қауіптің алдын-алу, сақтану туралы; 9. Қашқын босқынға арналған; 8. Аң аулау тәртібі жәйлі; 11. Отбасылық қатынасқа арналған; 12. Мал және оның пайдасына арналған.

Проф. Рязановскийдің 1921 ж. Чита қаласында басылымға берілген «Обычное право монгольских племен» атты еңбегінде: [8, 166.] Новый Цааджин-Бичик имеет следующее содержание: Введение в устав и отношение к религии и духовенству; междуплеменные отношения, организация нападения и защиты;

родовой быт и взаимные отношения; частное право; обязательственное право; семейное право; наследственное право; уголовное право, — деп бөліп қарастырған. Демек аталмыш заңды жүйелі, терең талдап зерттеу үшін тарауларға жіктеген қолайлы. Бәрінен бұрын байқағанымыз, Заңның бірінші тарауы немесе жалпы бөлімі будда дініне деген қоғамның көзқарасын, діни адамдарға деген ілтипатты танытады. Осы тұстан бастап, аталмыш заңның қайнар көзінде діни нормалардың бар екендігін айта келе, будда дінінің мекені тибет тарихы, соның ішінде тибет құқығы тарихы материалдардың аздығынан, тибет құқығы мен монғол құқығы ара байланысын салыстырып, тұжырымдап айту қиынға соғады.

1994 ж. Пекинде Тибет құқығы тарихын зерттеуге үлкен жол ашатын, тибеттік Сижо Нима мен Солан Баньцзю екеуі тибет тілінен қытай тіліне аударған, «Ежелгі тибет заңдарының жинағы» атты еңбекті жарыққа шығарыпты [9].

Біздің ғылыми ортада аты әйгілі тибеттанушы тарихшы Ресей ғалымы Е.И. Кычанов 2001 ж. Тайванға барғанда осы кітапты көріп, оқып шыққан екен. Тайваннан келген соң аталған еңбектің қытай аудармасына негізделе отырып, 2006 ж. «Письменные памятники Востока» журналында «Источник по истории тибетского права в китайском переводе» деген тақырыппен, тибет құқығы тарихы жайлы мақаласын жариялады. Мақалада, V Далай-лама қабылдаған он үш тараудан тұратын, «Он үш заң» жинағының құрылымына жалпы тоқталып өткен. Мақала тибет құқығы тарихына қысқаша шолу жасағанымен, монғол дәстүрі контексіндегі заңдар үшін қомақты мәліметтер береді.

Жоғарыда аталып кеткен 1640 жылғы «Монғол-Ойрат» заңының жалпы бөлімі былай деп басталады: «Әлем теңізіндегі кеңістіктің ақиқат мәні туралы ілімнен бастау алатын, ізгілік пен абыздылықтың мәңгі үлгісімен (өзін) көріктендірілген, (өзінде) әулиеліктің үш қасиетін сіңірген



Очир Дара ламаға² бас иеміз.¹

Бәріне жетекшілік ететін Шакьямуни³ бізді әлемнің ыстық сәулелерімен шарпығанына, әрі біздің бойымызда ежелден тығылған күмәндарымыздың түйінін тазартуға рахым ет: Будда әулиелігін мұралаған және оның ілімін осы елдерде таратқан, біздің сеніміміздің иесі Дзонхованың⁴ табанына бас иеміз.

Абиды-Бурханның (Амитаба буддасы) бейнесі қызылды-сары киіммен көрсетілген, барша тірі мақұлықтардың қамқоршысы Панчин-Эрдэниге және мұнтаздай қар патшалығының барша тұрғындарының сәніне айналған, құтқарушы Далай Ламаға⁵ осы екі әулиеге бас иеміз. Мейірімі жанашырлығы барлық тірі жандарға бірден әйгіленген әулие атымен таныс Инзан римбочи⁶ әулиеге әрдайымғы көмегіне бас иеміз».

Батыр айдаһар жылының ортаңғы айының мейірімді бесінші жұлдызы Шакьямунидің нақты ізбасарлары Инзан-Римбочидің әкесі Акшаби Манджушири және Амуга – Ишиди Манджшури сияқты үш әулиелердің және Засагтхан Түшәтхан, Убаши – Далай ноен, Далай-Хун Хун ноен, Цэцэн ноен, Дайчин тайж, Эльдэн ноен, Дайчин-Хошучи, Очирт-тайж, Мэдэчи-тайш, Буо-Эльдэн, Мэргэн-ноен, Дамарин бастатқан қырық төрт ноендардың қатысуымен Ұлы жарлықты құрды деп бастаған. Бұл заңдағы будда дініне деген басымдылығын айқындайды.

Байқағанымыздай, діни сенім-

наным, ламаизм негізі жарлықтың жалпы бөлімінен бастау алады. Төменде ескертулерде көрсеткендей, бұл заң қабылдану кезінде тибет діни билік басында бесінші Далай лама Агван-Аубан Жамцо (1617 – 1682 ж. ж.) болған.

Алғашқы тибет заңын Тибет мемлекеттілігі қалыптасып жатқан кезде яғни, 655 жылы хан кеңесшісі Тонг-цзэн Юлзунг жазған деген пікір бар [10]. Бұл заңда мемлекет басшысы мен кеңесшілерінің арасындағы қарым-қатынас және бірібіріне деген бағыныстылық, қызметтік лауазым аралық бағыныстылықты анықтайтын «жақсыны, жаманды және орташа көңіл толарлықты» көрсеткен еді. Заңда мемлекеттік құпияны сақтау және мемлекеттік жоғары жиындарға әйелдерді кіргізбеу туралы айтылған [11, 170-171 бб.]. Аталмыш заң тибет әдет-ғұрып құқық нормаларының жиынтығы. Жинақта кінәліні жазалаудың түрлері берілген, яғни кісі өлтірген адамды өлім жазасына, өтірік жауап берген, жалған айғақ, куәгер болған адамның тілін кесу, ұрланған мүліктің құнын сегіз еселеп қайтару, қарапайым адамның мүлкін тоғыз еселеп, мемлекеттің мүлкін жүз еселеп қайтарсын деген нормалар да бар [11, 171 б.]. Тибет құқығындағы прецедент туралы да нормалар кездеседі. Мысалы, «Жасаған әрекеттің сипаты анықталмаған жағдайда, бұрын сонды мұндай жағдайда не істегені туралы сұрандар» деген екен [11, 172 б.]. Кісі өлтірген жағдайда құнын өтеу институты болған. Бірақ құнның мөлшері қайтыс болған адам мен кісі өлтірген адамның әлеуметтік мәртебесіне қарай шешілген. Кісі өлтірушінің әлеуметтік жағдайы жақсы болса құнын мүлікпен, тауармен, ақшамен төлей алатын. Егер кінәлінің мүліктік жағдайы нашар болса, руы, туған туыстары көмектесе алмаса, қанды кекке дейін рұқсат берілген. Заңды негізде кісі өлтірген адамның туыстарының ішінен біреуін өлтіре алатын еді. Егер де дене жарақатын келтірсе құны кісі өлімінен он есе кем болған. Тибет соты мемлекеттік басқару органдарынан бөлектенбеген еді.

¹Әлем теңізіндегі кеңістік әлемінің барлық түпкілігіндегі ізгілік пен абыздылықтың әрекеттенуін анықтайтын будда формасы.

²Очир Дара лама өзінің нақты есімі емес будда дінінің өмірге қайта туылған (не келген) бодисад (әулиелеріне берілетін титул. 1586 жылы Жоңғарда дүниеге келген Торғауыт ноены Мэрген-тэмненің ұлы Нейджитойнаға осы титул беріліп, әлемге аты шығады).

³Шакьямуни «шакь тайпасының дуанасы», б.э.д. 623 жылы Индияның Ганга өзенінің бойында дүниеге келген, буддизмнің негізін қалаушы

⁴Дзонхова (1357-1419) ламаизмнің негізін қалаушы, будда реформаторы.

⁵Далай лама – бесінші далай лама. Агван-Аубан Жамцо (1617-1682)

⁶Инзан Римбочи Батыс Монғолиядағы далай ламаның өкілі – тибет ламы.



Қылмыс дәрежесі төмен қылмыстарды, мысалы құны үш койдың құнынан төмен ұрлық істерін әкімшілік орган басшысы қарастырған. Одан жоғары дәрежедегі қылмыстық істерді болыснайлар, одан да ауыр дәрежедегі істерді өкімет басындағы қызметкер шешкен.

Тибетте мемлекеттік сот органдардан басқа діни және шіркеу соттары болған. Бірақ діни және шіркеу соттары істерді қарағаннан кейін жергілікті әкімшілікке мәлімдеп жеткізіп отырғанын Г.Н. Потанин былай деп жазады: Гумбум шіркеуінде ламаны ұрлық жасағаны үшін жазалайды. Оған ақ түсті, етегі ұзын көйлек кигізіп шіркеуді аралатады, шіркеуден шыққан соң таякпен дүрелеп, діни ортадан бездіреді. Осылай қылмыскерді маскаралап, шіркеуден және діни қауымнан аластатып жіберген [12, 388 б.].

Тибетте құлдар мен басыбайлы шаруалардың (трэндердің) тағдырын қожайыны шешкен. Тибет әдет-ғұрып құқығында ордали институты болған. Қылмыстың ақ қарасы күмән тудырған жағдайда бұлыңғыр суға немесе сүтке ақ, кара тастар салып, кінәліге тастарды алып шығуын талап етеді. Алып шыққан тастың түсіне қарай ісі шешілген. Кей жағдайда бұл әрекетті ауырлатып жіберетін жәйіті де болған. Мысалы, қайнап тұрған майға немесе сүтке тастарды салып содан алып шығуын талап ететін. Мінеки осындай әдет-ғұрып құқық нормалар бізге де мәлім.

Ал ХҮІІ ғасырда бесінші Далай лама «Он үш заң» деп аталатын, он үш тараудан құрылған, тибет заңдардың жинағын шығарған екендігін айтып кеткенбіз. Заңның мазмұнын профессор Е.И. Кычанов қытай тілінен орыс тіліне аударған еді. Қазақ тілінде мазмұны келесідей: бірінші кіріспе бөлімде барлық мемлекеттік лауазымды тұлғалар өздерінің күнделікті іс-әрекетін қоғамдық (мемлекеттік) іске қызмет етуге жұмсауға міндетті деп жариялаған. Қызмет барысында пайдақорлықтан және жеке мүдделіктен бас тартуы керек. Барлық

күш қуатымен буддизмге қызмет етуі тиіс, «бас киімін ауыстырмау», яғни будда мектептерін ауыстырмау, басқа дінге бас бұрмау және т.б.

Лауазымды тұлға ой санасымен, сөзімен және жан тәнімен будданы дәріптеуі тиіс, будданы ойдан шығармауы, тұрақты сыйыну және садақа беру керек. Шенеуніктер халықты шеттетпеуі тиіс. Олар заңды қорғауға міндетті, әділ сот болуы керек, істің мән жайын толық ашпайынша үкім шығармауы керек.

Екінші тарау, дау қарау тәртібіне, яғни процессуальдық құқыққа арналған. Заңда, судья сотта дауды қарау барысында, дауласушы тараптарға тең қарау керек екендігі, істің мән жайын толық ашпайынша, кім кінәлі, кім кінәсіз деген жауапқа асықпау жайлы жазылған. Пайдақұмарлық ниетпен істі теріс шешуге жол бермеу. Тергеу әрекеттері аяқталған соң сезіктенушінің (сотталушының) кінәлілігі және кінәсіздігі заң негізінде шешілу керек. Жалған мәлімет берушілер қатаң жазаға тартылуы керек. Кім кінәлі, кім кінәсіз екендігі нақты анықталмаған жағдайда ордали институтына жүгінген дұрыс. Егер дауласушы екі тарапта кінәлі болса олардың кінәларының мөлшеріне қарай екі тарапты да жазаға тарту.

Үшінші тарауда қамауға алу туралы алғы-шарттар баяндалған. Заң бойынша ұрыс-керіс шығарған, ұрыс және төбелес бастаған, соның ішінде төбелесте пышақ қолданса қамауға алу керек деп көрсеткен. Ұстауға тиісті адамдардың қатарына қаңғыбастар және ұрлықшыларды, соның ішінде бөтеннің үйін тонаушыларды жатқызған. Бастықтарға және жоғары тұрған лауазымды адамдарға қарсы шыққандарды тез арада қамауға алуға тиісті дейді. Осы тарауда кісі өлтіргені үшін қылмыскердің және өлген адамның әлеуметтік жағдайына байланысты төленетін құн туралы ережесі тәптіштелініп берілген.

Төртінші тарау ауыр қылмыстар үшін қолданылатын жазаларды сипаттауға арналған. Ондай жазалар әкесі немесе шешесін өлтірсе, діни адамды өлтірсе,



шіркеу құрылысын бұзса, ламаға қарсы шықса, діни адамдардың немесе діни қызметкер әйелдердің мүлкін тонаса қолданылатын. Сонымен қоса, мұндай жазаларды у немесе көз алдау құралдарын пайдаланып кісі өлтірген, жылқы айдап кеткен, тонаумен айналысқан адамдарға қолданатын. «Он үш заң» келесі алты жазаны негізгі жаза ретінде қолданған: көзін соқыр қылу, аяғын кесу, тілін кесу, қолын кесу, тас шоқыдан лақтыру, суға тұншықтыру.

Соңғы екеуі өлім жазасы нысаны ретінде сараланған.

Бесінші тарауда өте ауыр қылмыстар үшін жазаны сатып алу (алмастыру, орынын өтеу) құны мөлшері қарастырылған. Жазаны алтынға немесе ақшамен сатып алатын (алмастыру, орнын өтеу, баламалау). Жазаның ауырлық дәрежесіне қарай 75-ден 100 грамм алтынға алмастырылатын. Өте ауыр қылмыстың жазасын баламалаған кезде алтыннан басқа мүлікті пайдалануға тыйым салынады, ал мүлікті алдынала алтынға айырбастауға болады. Өте ауыр емес қылмыстар деп сараланған жағдайда жазаны мүлікке, малға, астыққа баламалауға болатын. Занда егер жазаны малға баламалаған жағдайда бір тау сыйырының құны бір алтын тиынмен тең деп арнайы көрсетілген.

Алтыншы тарау әкімшілік құқық нормасы, салық жинаумен байланысты. Салық жинаушылар салық төлеушілерден көрсетілген салық төлемінен артық талап етуіне қатаң тыйым салған. Заң салық жинаушыларды асырау туралы норманы да қарастырған. Салық жинаушылар тобын басқарушыға күнінде бір тоқтынын сан еті, пиво және бес қапшық шәй беру керек еді.

Жетінші тарауда толығымен қылмыс объектісі мен субъектісінің әлеуметтік жағдайына қарай бөлінген әлеуметтік тоғыз топтың (тұрғындар) қайсы біреуін өлтірген жағдайда жазасын қалай сатып алуға (алмастырып өтеуге, баламалып өтеуге) болатынын тәптіштеп қарастырған. «Он үш заң»-ның мәтінінен

тибет қоғам әлеуметтік топтарын келесі «тоғыз сословияға» бөлгенін байқауға болады: тибет шонжарлары және тірі буддалар; тибет аристократтары; діндар шенеуніктер; мемлекеттік шенеуніктер; діндарлар; саудагерлер; шаруалар және қойшылар; қол өнершілер (өлім жазасына қолданылатын құралдар жасайтын ұсталар); кедейлер.

Тоғыз сословия санаттарға бөлінген: 1) тибет шонжарлары және тірі буддалар; тибет аристократтары; діндар шенеуніктер; 2) мемлекеттік шенеуніктер; діндарлар; саудагерлер; 3) шаруалар және қойшылар; қол өнершілер (өлім жазасына қолданылатын құралдар жасайтын ұсталар); кедейлер.

Сегізінші тарауда алдыңғы нормалар жалғасын тапқан. Демек қылмыс объектісі мен субъектісінің әлеуметтік жағдайына қарай бөлінген әлеуметтік тоғыз топтың (тұрғындар) қайсы біреуіне дене жарақатын келтірген жағдайда жазасын қалай сатып алуға (алмастырып өтеуге) болатынын тәптіштеп қарастырған.

Тоғызыншы тарау жалған мәлімет беру, жала жабу, алдау және алаяқтық жасау сияқты қылмыс әрекеттеріне арналған. Осы тарауда кінәсіздікті айғақтайтын «тазалықты» және кінәсін мойындататын «арамдық»-ты білдіретін ордали иді қолдану тәртібі көрсетілген. Нақтырақ айтсақ заң бойынша қайнап тұрған бұлыңғыр судан немесе майдан тастарды алып шығу туралы айтылған. Заң бойынша мұндай әрекетке баруға ламаларға, дін уағыздаушыларға, әйелдерге жәнебалаларға тыйым салынған. Сонымен қатар, занда «аштықтан және үсіктен» болып қылмыстық әрекеттерге, яғни жанын сақтау қажеттілігі үшін қылмысқа барған адамдардың кінәсімен, кінәсыздығын анықтау үшін ордалии қолданылмайтындығын көрсеткен.

Оныншы тарау мүлік ұрлығы қылмысы үшін қолданылатын жазаларға арналған. Жазаларды атап қана қоймай ұрланған мүліктің көлеміне, мөлшеріне қарай орнын толтыру тәртібі тәптіштеп қарастырылған.



Он бірінші тарау некеден ажырасу процесіне арналған. Занда былай делінген: «Күйеуін тастап бара жатқан әйел 18 монет төлейді. Әйелін тастап бара жатқан ер азамат 20 монет төлейді». Ажырасу кезінде күйеуі әйеліне киімін, өмір сүруге қажет тамақтарын және көмекші қызметкерлерді береді. Күйеуінде әйелімен келген төсек орны және екеуінің бірге өмір сүрген кезде әйеліне алып берген дүние мүлкі қалған. Балалары бар болса, ажырасу кезінде ұлдары – әкесінде, қыздары – шешесінде қалдырылған. Жер және т.б. ортақ өмір сүрген кезде жинақталған мүліктерді бөліскен. Діндар ажырасса мүлікті бөлу барысында тамақтануға жұмсалатын үлесі және киімдері ғана берілген.

Он екінші тарауда көзіне шөп салғандар үшін қолданылатын жазалар көрсетілген.

Он үшінші тарау малдарды арендаға беру туралы нормаларға арналған. Арендаға алушы малды қырып алса, оның құнын төлейтін. Егерде арендаға алушы малдың қырылуына кінәлі болмаса, малды дұрыс бағып қаққан болса, арендаға алушының кінәсі жоқ болса, онда оның әрекеті ақталады. Мал егістікті және жайылымды қожайынының дұрыс қарамағанынан таптап кетсе, ол үшін айыппұл төленетін. Соңғы норма тибетте жеке меншік, шіркеулік және қазыналық меншіктің болғанын дәлелдейді.

Мінеки «Он үш заң» кодексіне берген қысқаша сипаттама ХҮІ ғасырдың ортасындағы тибет қоғамының тыныс тіршілігі және тибет құқығы жайлы белгілі деректерді береді. Занда азаматтық, қылмыстық, шаруашылық және процессуальдық сипаттық нормалардың кездесуі қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды, тибет тұрғындарының арасындағы әлеуметтік қатынастарды және әлеуметтік топтардың жіктелуін көрсетеді.

Тибет құқығы туралы қысқаша мағлұмат ала отырып, Тибетте діндарлардың құқықтық жағдайы қалай қорғалғанын байқадық. Ал, 1640 ж. «Монғол-Ойрат» заңында будда дінінің

қоғамдағы маңызын және ламалардың құқықтық мәртебесін нақтылайтын баптар бар. Осы заң арқылы монғол қоғамындағы бұрыннан келе жатқан тәңірлік сенім-нанымды жоюға бағытталған, будда дінінің маңыздылығын сипаттайды және будда діни ламалардың қоғамдағы орнын анықтайды.

1640 жылғы «Монғол-Ойрат» заңының 182 бабында былай делінген: бақсыны шақырған адамның атын алып қою және келген бақсының атын тәркілеу керек. Кімде кім бақсыны көре тұра, оның атын алмаса сол адамның атын алу. 183 бапта, бақсыны көрген адам қуып жіберу керек, егер жіберуіне қарсыласса бір ат айып төлейді. Егер бақсы құрметті адамды қорласа бестік, қарапайым адамды қорласа екі жылқы береді. Бақсының айтқанын орындау барысында кептерді, итті немесе торғайды өлтірсе атын алып қалу. 184, 185 баптарында жылан және де Алатау тауындағы жәндіктерді өлтіргені үшін екі оқ, оқ жоқ болса пышағын алуға тиіс деп көрсетілген.

Заңның 24-27 баптарында былай деп көрсетілген: діни мешітте (хийд) кісі өлтірсе немесе ұрлық жасаса жүз сауыт, жүз түйе және жүз жылқы алып жазалау. Цорджиді қорласа тоғыз тоғыз (81 мал), ноенның оқытушы ламасын қорласа бес тоғыз (45 мал), гэлунді қорласа үш тоғыз (27 мал), банди немесе шабаганцыны қорласа бестік, убаши немесе убасанцыны қорласа бір бие алады, оларды сабаса қос ат айып салынады, кімде-кім ламаның, бандидің көлігін тартып алса бір сиыр, көлік деп атты алса қайтарып береді.

Ламаизм дініне қатысты, осы тарауда кездесетін кейбір сөздерге түсініктеме берейік. Ламаизм діндарлары рухани үш дәрежеге бөлінді: I. Діни канон заңдар білімін толық меңгерген, 253 діни шартты орындауға тиісті – гэлэн; II. қандайда бір өнері бар, тибет тілінен монғол тіліне кітаптарды аудару шыдамы бар, 40 діни шартты орындауға тиісті – гэцул; III. Діни дұғалар мен сурелерді білетін, діни 9 шартты орындауға міндетті – Банди.

Осыдан басқа гэцул шартын



орындайтын өзін дінге тұтқан, басында шашы жоқ шабаганц деп аталынатын әйел ламалар бар. Монғолда әйел діни мешіті немесе шіркеуінің болмағандығынан әйел діни қызметкерлер жеке басын дінге арнаған киім киісі де өзгеше убаши мен убасанцилар да кездеседі. Ламаизм дінінің жоғарғы өкілдеріне гэлун мен гәцулдерге хамба лама атағы беріледі. Сонымен қатар, Далай лама, Панчин эрдэнэ, Хутугт лауазым атактары да бар.

- Хамба-лама — үлкен шіркеу меңгеруші.

- Ширээт-лама — құдайға сиыну кезіндегі шіркеу қызметкері.

- Лацаб ширээт лама көмекшісі;

- Гэвгуй шіркеу тәртібі мен тазалығын бақылаушы;

- Гейк гэвгуй көмекшісі

- Унзат ереже тексеруші;

- Нирва — қазынашы, және басқа да ламалардың лауазымдары бар екенін айта кетуге болады.

Монғол шіркеулері үш түрге бөлінеді: Хурээ ламалар өмір сүріп, діни шартын атқарып жүретін шіркеу; Сүм көшкенге ыңғайлы діни дұға оқылатын және сиыну рәсімдерін өтейтін шіркеу; Хийд діни қызметкерлер мен көмекшілері орналасқан шіркеу. Ал Байкал өңіріндегі шіркеулерді дацан деп атаған. Қалмақта діни шіркеуді хурал деп атайды.

Жоғарыда көрсетілген мағлұматтар Тибет заңының қалай монғол (қалмақ) әдет-ғұрып құқығына ене бастағанын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТ

1. Китинов Б.У. *Священный Тибет и воинственная степь: буддизм у ойратов (XIII – XVIII вв.)*. М., *Творчество научных изданий КМК*. 2004.

2. Мункуев Н.И. *Китайский источник о первых монгольских ханах. Надгробная надпись на могиле Елоу Чу-Цая. Перевод и исследования*. М.: Наука, 1965.

3. *Buddhism in Mongolia. Historical Survey*. Ulan Bator, *Studies of the Cangdanthekhelind Monastery*, 1981.

4. Бира Ш. *Монгольская историография (XII – XVIII вв.)*. М.: Наука, 1978.

5. Сондом – Цэмо. *Дверь ведущая в учение. Перевод с тибетского и комментарии Р.Н. Крапивинной*. СПб. Дацан Гунзэ чойнэй, 1994.

6. Авирмэд Э., Дашицэдэн Д., Совд Г. *Монгол хууль (Уламжлал, шинэчлэл. Монгол төр эрх зүйн түүхэн сэдэв)*. Улаанбаатар хот. 1997 он.

7. Норбо Ш. *Зая Пандита. Пер. со старомонг. Элиста: Калм. кн. изд., 1999*.

8. Рязановский В.А. *Обычное право монгольских племен. Обычное право монголов. Отдельный оттиск из №51 «Вестник Азии» Харбин. 1923. Ч3. Обычное право калмыков*. 1924. С.142.

9. Синзьян гудай фадьянь сюаньбянь (*Собрание древних тибетских законов*). Пер. Сижо Нима и Солан Баньцзюе. Пекин, 1994.

10. Vacot J., Thomos F.W., Toussaint Ch. *Document de Touen-Houang relatifa l'histoire du Tibet*. P., 1940 – 1946. P.13.

11. Богословский В.А. *Очерк истории тибетского народа*. М., 1962.

12. Потанин Г.Н. *Тангутско-тибетская окраина Китая и Центральная Монголия*. СПб., 1893.



ОБЫЧНОЕ СЕМЕЙНОЕ ПРАВО КЫРГЫЗОВ

БОРУБАШОВ Б.И.

доцент Кыргызско-Российского
Славянского университета,
кандидат исторических наук (Бишкек,
Кыргызстан)

Брачно-семейные отношения у кыргызов регулировались нормами адата и шариата. Нормы относительно брачно-семейных отношений в основном разрабатывались и принимались на чрезвычайном съезде народных судей – биев в виде свода правил поведения – эреже.

Проект положения об управлении Семиречинской и Сырдарьинской областей. 11 июля 1867 года предоставил недовольным решением народного суда по брачным делам обращаться с жалобой к уездному начальнику¹. Местная русская администрация разрешала вдовам выходить замуж по выбору, и в лице уездного начальника туземная женщина получила естественного защитника².

Основой брака являлась строгая экзогамия, запрещающая браки между

родственниками по отцовской линии, круг которых определялся до седьмого колена, а по материнской – до второго колена³.

Абсолютно преобладающими были два основных типа семьи: семья феодала и крестьянская семья. Кыргызские семьи, принадлежавшие к различным социальным слоям, в той или иной степени испытывали благотворное влияние проникавшей в Киргизию передовой русской культуры.

Имелись различные формы заключения брака. По обычному праву кыргызов, существовали несколько форм брака: по сватовству, заключавшийся двумя семьями по предварительному договору; брак с уплатой калыма, брак путем обмена невестами; левират – форма брака, при которой холостяк или вдовец женился на вдове своего покойного брата для того, чтобы не потерять выплаченный за нее калым и сорорат – форма брака, при которой вдовец женился на сестре

¹Проект положения об управлении Семиречинской и Сыр-Даринской областей. 11 июля 1867 г.; в кн.: *Материалы по истории политического строя Казахстана. Т. I. Алма-Ата, 1960. С.299.*

²Терентьев М. *Туркестан и Туркестанцы. Туркестанский сборник. Санкт-Петербург, 1873. Т. 87. С. 204.*

³Малышев Н. *Обычное семейное право киргизов. Ярославль. 1902. С.40-41.*



умершей супруги. Кроме общепризнанных форм заключения брака существовали тайные браки, осуществляемые путем насильственного и мнимого похищения невесты – брак «умыкание».

К числу повсеместно распространенных в недавнем прошлом в быту кыргызов, как и у других народов Средней Азии и Казахстана, форм брака отнеслись левират и соронат. Правовое положение женщин особенно наглядно проявлялось в институте левирата, который устанавливал, что купленная за калым невеста является собственностью семьи или засватавшего рода. Женщина, став вдовой, не могла распоряжаться ни своей судьбой, ни детьми, ни имуществом. Вдова по истечении года после смерти мужа должна была выйти за одного из братьев мужа, а при отсутствии таковых – за ближайшего родственника. Но вдова, имеющая детей и не пожелавшая выйти замуж, могла распоряжаться имуществом до достижения сыновьями совершеннолетия при условии проживания среди родичей мужа.

Весьма распространенными в прошлом формами заключения брака были просватывание еще не родившихся детей родителями, которые вступали друг с другом в отношении бел куда (бел – поясница, куда – сват), а также помолвка малолетних детей, часто даже находившихся еще в колыбели, их родителями, между которыми в таких случаях возникали отношения бешик куда (колыбельных сватов). Например, у алайских кыргызов помолвка совершается чаще всего, когда мальчику стукнет год, редко во взрослом возрасте⁴. Обе эти формы были в той или иной степени связаны с преобладавшим «калымным» браком. В том и в другом случаях калым уплачивался, а его выплата продолжалась в течение многих лет, до момента переезда новобрачной в дом мужа, однако если же будущий муж не уплатит обусловленного

калыма, то имеет право получить только уплаченную часть его.

Форма брака – бел куда – была одной из общепринятых норм обычного права кыргызов, за нарушение которой даже применялись санкции в виде айыпа. Так, согласно Эреже чрезвычайного съезда народных судей Аулиеатинского уезда 1907 года: «если кто-либо, состоя между собою в сватовстве, выдаст свою, уже просватанную дочь за чужого, то полученный калым должен быть возвращен полностью и кроме того с него присуждается деньгами 100 руб., а также одна лошадь и один верблюд»⁵.

Особую форму заключения брака представлял собой, так называемый обменный брак, т.е. обмен родственниками, носивших название «кайчы куда» («перекрестные сваты»). В таких случаях или семьи обменивались дочерьми, выдавая их замуж за сыновей другой стороны, или возможны были другие комбинации, например один человек отдавал дочь за сына другого, а тот отдавал свою сестру за брата первого. Точно так же обменивались и сестрами.

Умыкание (кыз ала качуу), как форма заключения брака, встречалось в прошлом довольно редко. Похищение совершалось, как правило, с согласия невесты. Насильственное возвращение похищенной невесты ее родственниками рассматривалось как позор для жениха и его родных, поэтому девушку, увезенную без разрешения ее родных, помещали в доме кого-либо из влиятельных сородичей будущего мужа. Обычно дело заканчивалось примирением сторон. Калым в таких случаях уплачивался в значительно большем размере. К умыканию прибегали сравнительно редко, прежде всего, потому, что в возникший на этой почве конфликт втягивался широкий круг родственников и сородичей с обеих сторон, возникала родовая вражда, приводившая иногда к тяжелым последствиям.

⁴Гродеков Н.И. Кыргызы и кара-кыргызы Сыр-Дарьинской области // Юридический быт. Ташкент, 1889. С. 55.

⁵Эреже чрезвычайного съезда народных судей Аулиеатинского уезда 4 мая 1907 года. В кн. Кожоналиева С.К. Обычное право кыргызов. Бишкек, 2000. С. 291.



Обычное право кыргызов имело ряд положений, по которым запрещалось вступления в брак: близкая родственная связь по мужской линии, различие в вероисповедании, психическая или другая неизлечимая болезнь, неравенство в социальном и имущественном положении. Однако на практике, последнее положение часто нарушалось. Девушки из бедных семей попросту продавались в более богатые семьи, а мужчина из бедной семьи жениться на богатой невесте не мог. Адат запрещал брачные связи между близкими родственниками. Так, согласно исследованиям Г. Загряжского устанавливалось: «За кровосмешение виновных подвергают, если на это было обоюдное их согласие, наказанию нагайкой от 72 до 90 ударов. За кровосмешение, сопровождаемое с насилием, виновный подвергается уплате полного калыма в пользу девицы, или женщины, им изнасилованной и сверх того, наказанию нагайкой или палками»⁶. Однако обычное право допускало браки между потомками одного предка по мужской линии не ближе чем в седьмом поколении. Ортокузенные браки, (с дочерью брата отца) встречались исключительно на юге Киргизии.

Виды брака (моногамные, полигамные). В условиях господства патриархально-феодальных общественных отношений многоженство было естественным спутником всей системы господства и подчинения. Оно вместе с тем использовалось как одна из форм эксплуатации женского труда. Несмотря на то, что подавляющая часть кыргызского населения и в прошлом жила в единобрачии, сама психология населения была пронизана феодально-байскими взглядами на многоженство как на дозволенную и желательную форму брака. Эти взгляды и традиции получали опору не только в мусульманской религии, освящавшей институт многобрачия, но и в нормах обычного права. Поэтому

практика многоженства проникала частично и в трудовые слои киргизского общества. Но встречавшиеся здесь случаи многоженства в большинстве были вызваны теми или иными бытовыми причинами.

Существует представление о том, что многоженство, как и некоторые другие пережитки, относится к явлениям религиозного происхождения. Если бы дело обстояло таким образом, то вряд ли многоженство у кыргызов получило бы какое-либо развитие, поскольку мусульманская религия у них не пустила в прошлом глубоких корней, и ее догмы и правовые нормы в трудовой среде были усвоены весьма поверхностно.

Совершеннолетие, по киргизскому адату, достигалось по наступлению определенного возраста. По киргизскому воззрению, как и у других народов, лицо, не достигшее известного возраста, не пользуется свободой вступления в брак, так как считается не обладающим совершенноным сознанием. По данным Г. Загряжского совершеннолетие для вступления в брак, в управление принадлежащим им имуществом, для вступления в договоры и обязательства полагалось как для мужского, так и женского пола пятнадцатилетний возраст⁷. В некоторых регионах Кыргызстана по адату совершеннолетними считались девочки 13-15 лет, юноши — 16-18 лет⁸.

Хотя последовательность свадебных церемоний имеет много вариантов, а сами свадебные обычаи обладают локальными особенностями, важнейшие составные части свадебного обряда могут быть сведены к общей схеме.

Так, вступление брак состояло из нескольких этапов: сватовство (куда тушуу), уплата выкупа за невесту (калым), добрачные свидания жениха и невесты (кюйёлё или кюйёлёп баруу), венчание (нике), свадебное торжество (той).

⁶Загряжский Г. Юридические обычаи киргиз. Древний мир права Казахо. Материалы, документы и исследования. Алматы, 2005. Т. 6. С.272.

⁸Жумагулов А. Семья и брак у кыргызов Чуйской долины. Фрунзе, 1960. С.33.

⁶Загряжский Г. Юридические обычаи киргиз. Древний мир права Казахо. Материалы, документы и исследования. Алматы, 2005. Т. 6. С.282.



Первым актом, открывавшим серию переговоров между родителями юноши и девушки, составлявших сватовство и помолвку, была посылка сватов. Сватовство (куда тушуу) — это первоначальное соглашение между почетными сватами жениха и отцом невесты о женитьбе, размере калыма.

В конце помолвки принято было договариваться о размере калыма, который переходил в распоряжение отца, брата или опекуна невесты на правах частной собственности.

На чрезвычайных заседаниях биев очень часто рассматривались вопросы относительно калыма. Так, на Кыргызско-казахском съезде биев 1908 года 15 марта было принято Эреже, нормы которого большей частью были посвящены именно данному вопросу. Если лицо, состоящее в сватовстве, выдает свою просватанную дочь за другого, то оно обязано сверх полученного им калыма уплатить еще 18 голов разного скота. Если у кого-либо умрет просватанная дочь до совершеннолетия, то он обязан, если имеет, выдать вторую дочь, а если ее не имеет, обязан вернуть лишь 2/3 части полученного калыма. Если кто-либо до совершеннолетия своей невесты не уплатит обусловленного калыма, то имеет право получить только уплаченную часть калыма. Если кто-либо откажется от своей невесты, то он имеет право получить лишь половину уплаченного калыма⁹.

Большой цикл свадебных обычаев составляли добрачные свидания жениха и невесты (куйёлё или куйёлёп баруу). Кроме того, период между помолвкой и свадебным пиром, в течение которого происходила уплата калыма и подготовка приданого стороны невесты, включал в себя взаимные визиты родственников жениха и невесты, обмен подарками, некоторые другие обычаи и подготовку к свадебному пиру.

Брак завершался обрядом брако-

сочетания — венчанием (нике кыю), который совершался муллою. Этот обряд существует до сих пор. Обычно венчание сопровождалось тоем (праздником).

Большой свадебный пир (той), — устраивавшийся в аиле отца невесты, являлся кульминационным пунктом свадебного церемониала. Накануне и во время этого свадебного пира совершались многочисленные обрядовые действия, восходящие как к древним социальным брачным институтам, так и к религиозно-символическим и магическим представлениям.

Сам отъезд молодухи также обставлялся рядом очень своеобразных церемоний, а одним из первых главных актов после прибытия ее в аил мужа был обряд приобщения к огню, к очагу дома мужа (отко киргизу). Далее происходило выделение для молодухи доли имущества (энчи) отцом мужа и его родственниками, назначение посаженных отца и матери (окул ата-апа).

Семейные отношения между супругами строились на главенстве мужа. Она должна была беспрекословно подчиняться мужу и заслушание подвергалась суровому наказанию. Положение же женщины вытекало из господствовавшего в семье патриархального уклада. Оно определялось и бесправием ее в общественной жизни.

Но при всей категоричности норм обычного права, ставивших женщину в неравноправное положение с мужчиной, кыргызские женщины проявляли значительную самостоятельность в домашнем быту, а иногда и за его пределами. По сравнению с женщиной у оседлых народов Средней Азии кыргызка находилась в более благоприятных условиях.

Обычное право закрепляло неограниченную власть отца над своими детьми. Взаимоотношения между родителями и взрослыми детьми были проникнуты патриархальностью. Нечего и говорить о том, что авторитет отца для несовершеннолетних детей был абсолютно непререкаем. Все их поступки и жела-

⁹Эреже Кыргызско-казахского съезда биев 1908 года 15 марта. В кн.: Кожоналиев С. К. Обычное право кыргызов. Бишкек, 2000. С.315.



ния обязательно соотносились с волей отца. В мало обеспеченной семье девочка с 12–13 лет переходила на положение невесты, и для нее устанавливался режим домоседки. Занималась она в значительной мере подготовкой для себя же приданого. Дети не имели права выступать против решений родителей. За непослушание отец мог наказывать своих детей, вплоть до их убийства, не преследуясь при этом в уголовном порядке. Отец имел право продавать своих детей в рабство за долги, подарить свою дочь или выдать замуж против ее воли. Дети должны были содержать своих родителей и во всем их слушаться, что соответствует нормам Конституции Кыргызской Республики гласивший, что трудоспособные совершеннолетние дети обязаны заботиться о родителях¹⁰.

Кыргызскому праву был известен институт усыновления. Обычно усыновление проходило при свидетелях-сородичах и сопровождалось обрядами. Так, приемная мать усыновляемого прикладывала его к своей груди и, после этого он считался ее ребенком. Усыновленный при этом получал новое имя и принимал имя приемного отца. Традиционно усыновляли только мальчиков, как в младенческом, так и старшем возрасте. Усыновленный приравнивался к родному сыну и пользовался всеми его правами. Дети, усыновленные из другого рода, имели право только на часть наследства и могли вернуться в свой род.

По адату всякий самостоятельный юртовладелец имел право отчуждать свое имущество, в том числе и долговые обязательства путем дарения. Невыделенные сыновья, опекаемые и женщины не пользовались таким правом. Если дарение совершалось невыделенным сыном, опекаемым или женщиной, то самое дарение признавалось недействительным, а подарок мог быть потребован обратно.

Больше самостоятельности, сравнительно с другими женщинами, имеют кыргызские вдовы – ей не возбраняется торговать¹¹.

В целом обычное право стояло на страже интересов мужчины-собственника и, следовательно, покоилось на вполне оформившемся принципе социального неравенства.

Общий порядок наследства было; 1) сыновья, внуки, правнуки и так далее; 2) братья, племянники и их потомство 3) дяди и их потомство, и так далее. Вторая категория наследует, когда нет никого из первой, третья – когда нет никого из первой и второй. В каждой степени наследство делится между всеми поровну.¹²

В обычном праве было известно два вида наследования: по закону и по завещанию. Законными наследниками считались жена, сыновья, близкие родственники. Если отсутствовали наследники мужского пола, то наследство могли получать дочери. Но поскольку женщины не имели права вступать в имущественные отношения, то фактически в права наследников вступали их мужья. Например, если у умершего была единственная незамужняя дочь, она должна была выбрать или ей назначали из близких родственников опекуна. Опекун должен был разумно распоряжаться ее имуществом. При выходе девушки замуж опекун получал в свою пользу калым, а имущество ее отца делилось между родственниками.

По адату кыргызов, наследодателем был всегда мужчина. Лица женского пола, за редкими исключениями, завещали лишь одежду или предметы домашнего обихода, которые поступали в их исключительное пользование¹³.

¹¹Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области // Юридический быт. Ташкент, 1889. С. 94.

¹²Изразцов Н. Обычное право (Адат) кыргызов. В кн.: Древний мир права казахов. Алматы, 6-том. 2005. С. 394.

¹³Сборник киргизского обычного права. Древний мир права Казахов. Материалы, документы и исследования. Алматы, 2005. Т. 6. С. 355.

¹⁰Конституция Кыргызской Республики. Эркинтоо 24 октябры 2007. № 83. (1692).



Завещание могло быть составлено только лицом, имеющим право отчуждать свое имущество и находящимся в здравом уме. Свободному завещательному распоряжению подлежало только треть имущества, оставшаяся после уплаты долгов завещателя и расходов на погребение. В состав завещательной не могли быть включены: недвижимое имущество, находящееся в пределах родовых стойбищ, юрта, в которой жили предки, со всем ее убранством и утварью, а также доспехи предков.

Завещание могло быть словесное и письменное; в обоих случаях для действительности его требовалось, чтобы воля завещателя была объявлена в присутствии большинства наследников или двух свидетелей из числа старших родственников завещателя или посторонних лиц, известных своей благонадежностью.

Так, согласно Эреже чрезвычайного съезда народных судей Аулиеатинского уезда 1907 года устанавливалось: «Если останется бездетная вдова, то ей дается только четвертая часть наследства, остальное же делится между наследниками умершего, а вдове предоставляется право свободного выхода замуж; Если останется вдова с детьми, то лично ей выдается восьмая часть наследства, а остальное также делится между всеми остальными наследниками после умершего»¹⁴. Однако вдова, уличенная в беременности не от мужа, лишается прав вдовы и изгоняется из кибитки мужа.

Имущество кыргыза, пропавшего без вести, делилось между наследниками точно так же, как бы и по смерти его. Однако, если пропавший вернулся, то получал все обратно, но без жен, если они вышли замуж.

Наследство составляет оставшееся после умершего имущество, за вычетом долгов наследодателя. Наследники участвуют в наследстве в следующих долях:

а) вдовы наследодателя - в 1/10

б) отец - в 1/12;

в) жены отца - в 1/12;

г) остальная часть распределялась между сыновьями и дочерьми наследодателя, причем мать получала вдвое больше дочери¹⁵.

